

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 980 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжат; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат; 2005 ж., N 14, 58-құжат):

218-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"218-бап. Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнаманы бұзу

Бухгалтерлік есеп жүргізуге және қаржылық есеп беруді жасауға уәкілетті адамның заңдарда көзделген мәліметтерді құжаттаудан жалтаруы не осы адамның, сондай-ақ бухгалтерлік қызмет саласында шарттық негізде жұмыс істейтін адамдардың бухгалтерлік құжаттамаға ұйымның шаруашылық және қаржы қызметі туралы көпе-көрінеу жалған ақпаратты енгізуі, сол сияқты ірі зиян келтірген бухгалтерлік құжаттаманы оны сақтау мерзімі аяқталғанға дейін жоюы -

үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады."

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5 -6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжат; N 14, 109, 122-құжат; N 15, 122, 139-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат):

1) 178, 179-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"178-бап. Жеке және лауазымды тұлғалардың бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнаманы бұзуы

1. Жеке және лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасында көзделген міндеттерді:

бухгалтерлік есепке алуды жүргізуден ірі зиян келтірмей жалтару;
бұрмаланған қаржылық есеп беруді жасау, бухгалтерлік есепте көрсетілуге тиісті деректерді жасыру, сол сияқты бухгалтерлік құжаттаманы ірі зиян келтірмей жою;
жария ұйымның бас бухгалтері қызметіне кәсіптік бухгалтердің сертификаты жоқ тұлғаны тағайындау түрінде жасалған орындамауы және (немесе) ойдағыдай о р ы н д а м а у ы , -

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттер әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанып жасалса, -

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден алты жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. Шағын және орта бизнес немесе коммерциялық емес ұйымның субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға келтірілген ірі зиянның мөлшері құқық бұзушылық жасалған сәтте бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға - бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сома танылады."
;

"179-бап. Заңды тұлғаның бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнаманы бұзуы

1 . Заңды тұлғаның :

егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса,

бухгалтерлік есепке алуды жүргізуден жалтару;
құрылтай құжаттарына сәйкес шаруашылық субъектілерінің меншік иелеріне, тіркеу орны бойынша мемлекеттік статистика органдарына, бақылау және қадағалау органдарына, олардың құзыретіне сәйкес көрінеу жалған қаржылық есепті ұсыну, қаржылық есеп беруді табыс етуден бас тарту, белгіленген мерзімді бұза отырып табыс ету не оны дәлелді себепсіз табыс етпеу;

бұрмаланған қаржылық есеп беруді жасау, бухгалтерлік есепте көрсетілуге тиісті деректерді жасыру, сол сияқты бухгалтерлік құжаттаманы ірі зиян келтірмей жою;

жария ұйымның бас бухгалтері қызметіне кәсіптік бухгалтердің сертификаты жоқ тұлғаны тағайындау түрінде жасалған Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасын бұзуы, - шағын және орта бизнес немесе коммерциялық емес ұйымның субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттер әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанып жасалса, - шағын және орта бизнес немесе коммерциялық емес ұйымның субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға төрт жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға алты жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Заңды тұлғаның валюта операцияларын бухгалтерлік есепте олардың нәтижелерін тиісінше көрсетпей жүргізуі, сондай-ақ белгіленген есеп пен есеп беру нысандарының ережелерін сақтамауы, - шағын және орта бизнес немесе коммерциялық емес ұйымның субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға есепке алынбаған соманың елу пайызына дейінгі мөлшерде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға есепке алынбаған соманың жүз пайызына дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттер осы баптың жетінші тармағында көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қ а й т а л а н ы п ж а с а л с а , -

шағын және орта бизнес немесе коммерциялық емес ұйымның субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға есепке алынбаған соманың жүз пайызына дейінгі мөлшерде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға есепке алынбаған соманың екі жүз пайызына дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) мынадай мазмұндағы 179-1, 179-2-баптармен толықтырылсын:

"179-1-бап. Бухгалтерлік ақпараттың құпиясын жария ету

1. Коммерциялық құпияны құрайтын бухгалтерлік ақпаратты оған рұқсаты бар адамдардың ірі зиян келтірмей жария етуі, -

5) 381-бапта "бухгалтерлік баланстарды және есеп берулерді" деген сөздер "қаржылық есеп беруді" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 541-баптың бірінші бөлігінде "179," деген цифрдан кейін "179-1," деген цифрмен толықтырылсын;

7) 571-баптың бірінші бөлігінде және 2-тармақтың 2) тармақшасында "178," деген цифрдан кейін "179-2," деген цифрмен толықтырылсын;

8) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында "179" деген цифрдан кейін "179-2," деген цифрмен толықтырылсын.

3. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжат; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140-құжат; 142-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 24-құжат):

1) 16-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында "ақша құжаттарына, бухгалтерлік кітаптарына, есептеріне, сметаларына" деген сөздер "бухгалтерлік құжаттамаға," деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 51-баптың 2-тармағында "Бухгалтерлік (кассалық) құжаттар бойынша" деген сөздер "Бухгалтерлік есептегі бастапқы есепке алу құжаттарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 65-баптың 3-тармағында "бухгалтерлік есеп жөніндегі ережелерге" деген сөздер "Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 6 6 - б а п т а :

1-тармақта "бастапқы құжаттар, бухгалтерлік есептің тіркелімдері" деген сөздер "бухгалтерлік құжаттама" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта "Бастапқы құжаттарды және бухгалтерлік есеп тіркелімдерін" деген сөздер "Бухгалтерлік құжаттаманы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 96-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы ", не алдыңғы кезеңдерде бухгалтерлік есептің шығыстарына жатқызылғанда;" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 105-бапта ", сондай-ақ бухгалтерлік есепке алу стандарттарына" деген сөздер алып тасталсын;

7) 113-баптың 1-тармағында ", сондай-ақ бухгалтерлік есепке алу стандарттарына" деген сөздер алып тасталсын;

8) 140-7-баптың 1-тармағының 2) тармақшасының тоғызыншы абзацында: "таза табыс" деген сөздер "пайда" деген сөзбен ауыстырылсын;

", сондай-ақ бухгалтерлік есепке алу стандарттарына" деген сөздер алып тасталсын;
"жағдайлардан түскен" деген сөздерден кейінгі "табыс" деген сөз "пайда" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 196-баптың 4-тармағының 1) тармақшасының төртінші абзацында "және қалдық" деген сөз "(ағымдағы) және баланстық" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 197-баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында "бухгалтерлік құжаттар" және "бухгалтерлік құжаттардың" деген сөздер тиісінше "бастапқы есепке алу құжаттары" және "бастапқы есепке алу құжаттарының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

11) 233-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында "мен беру балансы" деген сөздер "балансы мен беру актісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 242-баптың 8-тармағының 1) тармақшасында "құжаттарды" деген сөз "есепке алу құжаттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 353-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде ", сондай-ақ бухгалтерлік есепке алу стандарттарына" деген сөздер алып тасталсын;

1 4) 3 5 4 - б а п т а :

1-тармақта "қалдық" деген сөз "баланстық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақта "қалдық", "қалдық" деген сөздер тиісінше "баланстық", "баланстық" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 356-баптың 4-тармағында "қалдық" деген сөз "баланстық" деген сөзбен ауыстырылсын.

4. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 18, 106-құжат; 2005 ж., N 11, 43-құжат):

1) 243-баптың 2-тармағында "есеп пен есептілік жүргізу" деген сөздер "есепке алуды жүргізу мен қаржылық есептілік жасау" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 308-баптың 4-тармағында "есебінің" деген сөз "есепке алуды жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 3 0 9 - б а п т а :

5-тармақтың 5) тармақшасының, 5-1-тармақтың, 8-тармақтың 1) тармақшасының бірінші абзацында "өзара тәуелді" деген сөздер "өзара байланысты" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

6-тармақта "қатысушылардың өзара тәуелділік", "өзара тәуелділік" деген сөздер тиісінше "қатысушы тұлғалардың өзара байланыстылық", "өзара байланыстылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта "қатысушылардың өзара тәуелділігі", "өзара тәуелділік" деген сөздер "қатысушы тұлғалардың өзара байланыстылығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың 4) тармақшасында "өзара тәуелді емес", "өзара тәуелді" деген сөздер тиісінше "өзара байланысты емес", "өзара байланысты" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4) 312-баптың 2-тармағында "өзара тәуелді" деген сөздер "өзара байланысты" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 341-баптың 2-тармағында "рыноктық құны" деген сөздерден кейін "ал рыноктық құнын анықтау мүмкін болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамалық актісіне сәйкес таңдап алынған тәуелсіз бағалаушы анықтайтын құны" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 353-баптың 4-тармағының екінші бөлігінде "бухгалтерлік есебінің" деген сөздер "бухгалтерлік құжаттаманың" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 355-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде "бухгалтерлік (кассалық) құжаттар бойынша" деген сөздер "бухгалтерлік құжаттамада" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 435-баптың 4-тармағында "бухгалтерлік есеп пен есептіліктің құжаттарын" деген сөздер "бухгалтерлік құжаттаманы" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 464-баптың 1-тармағында :

2) тармақшада "құжаттарды" деген сөзден кейін ", оның ішінде бухгалтерлік құжаттаманы," деген сөздермен 3) тармақшадағы "құжаттар" деген сөзден кейін "оның ішінде бухгалтерлік құжаттамалар," деген сөздермен толықтырылсын.

5. "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 22, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 10, 126-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 71-құжат; 2004 ж., N 11-12, 65-құжат):

10-баптың 1-тармағында "негізгі және айналыс қаражаты, сондай-ақ құны кәсіпорынның дербес балансында көрсетілген құндылықтар" деген сөздер "кәсіпорынның дербес балансында көрсетілген кәсіпорынның барлық активтері" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжат; N 15, 138, 139-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 140-құжат; 2005 ж., N 7-8, 24-құжат; N 14, 58-құжат):

1) 21-баптың 2-тармағының б) тармақшасында "жылдық есебі" деген сөздер "жылдық қаржылық есептілігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 29-баптың 7-тармағының г) тармақшасында "жылдық есебі" деген сөздер "жылдық қаржылық есептілігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 55-баптың бірінші бөлігінде:

"жылдық балансты және кірістер мен шығыстар туралы есепті қоса, жылдық есебін" деген сөздер "жылдық қаржылық есептілікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"түрлер мен" деген сөздер "тізбе, нысан бойынша және" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кірістер мен шығыстар" деген сөздер "пайда мен залал" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 171-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат):

1) кіріспеде "жалпы" деген сөз алып тасталсын;

2) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңның мақсаты үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

аккредиттеу - бухгалтерлердің кәсіптік ұйымдарының және осы Заңда көзделген, уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша берілетін куәлікпен расталған бухгалтерлерді кәсіптік сертификаттауды жүзеге асыратын ұйымдардың құқықтық өкілеттігін уәкілетті органның ресми тануы;

бухгалтерлерді кәсіптік сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым (бұдан әрі - сертификаттау жөніндегі ұйым) - бухгалтерлерді кәсіптік сертификаттауды және кәсіптік ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын, уәкілетті орган белгілеген тәртіпте аккредиттелген заңды тұлға;

бухгалтерлік ұйым - бухгалтерлік есепке алу және (немесе) аудит саласында қызмет көрсететін, аккредиттелген кәсіптік ұйымның мүшесі болып табылатын ұйым;

қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (бұдан әрі - ҚЕХС) - Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары комитетінің қоры (International Accounting Standards Committee Foundation) қабылдаған қаржылық есептілік стандарттары;

Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (бұдан әрі - Қазақстандағы ҚЕХС) - Қазақстан Республикасының аумағында қолдану үшін бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен бекітілген, ҚЕХС ішіндегі қаржылық есептіліктің стандарттары;

бастапқы есепке алу құжаттары (бұдан әрі - бастапқы құжаттар) - операцияны немесе уақиғаны жасаудың бухгалтерлік есепті жүргізуге негіз болатын оны бітіруге

арналған құқықтың қағаз, сол сияқты электрондық тасығыштардағы фактінің құжаттық к у ә л і г і ;

кәсіптік бухгалтер - кәсіптік бухгалтердің сертификаты бар және кәсіптік ұйымның мүшесі болып табылатын жеке тұлға;

жария ұйымдар - қаржы ұйымдары, акционерлік қоғамдар мен жер қойнауын пайдаланушы ұйымдар (кеңінен таралған пайдалы қазбаларды өндіретін ұйымдардан басқа), жарғылық капиталында мемлекеттің қатысу үлесі бар ұйымдар (жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда) жататын қызметі қоғамдық мүддені білдіретін ұйымдар;

бухгалтерлік есепке алудың тіркелімдері - қаржылық есеп беруде көрсету үшін есепке алуға қабылданған бастапқы құжаттарда бар ақпаратты қорытындылау, жүйелендіру мен жинақтауға арналған нысан;

бухгалтерлік қызметтің басшысы (бұдан әрі - бас бухгалтер) - бас бухгалтер немесе бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді, қаржылық есеп беруді жасау мен ұсынуды, есепке алу саясатын қалыптастыруды қамтамасыз ететін лауазымды тұлға;

кәсіптік бухгалтердің сертификаты (бұдан әрі - сертификат) - кәсіптік бухгалтерлерді сертификаттау жөнінде аккредиттелген ұйыммен берілген, оның кәсіби біліктілігін куәландыратын құжат;

қаржылық есеп беру стандарты - бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың принциптерін және әдістерін белгілейтін, бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі уәкілетті органмен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бекітілген және Қазақстан Республикасы заңнамасының құрамдас бөлігі болып табылатын құжат;

бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган.";

3) мынадай мазмұндағы 1-1-баппен толықтырылсын:

"1-1-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заңның күші жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жеке тұлғаларға (бұдан әрі - кәсіпкерлер), заңды тұлғаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген резидент еместердің филиалдары мен өкілдіктеріне (бұдан әрі - ұйымдар) қолданылады.

2. Шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын және салық заңнамасына сәйкес біржолғы талон мен патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын жеке тұлғалар бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді және қаржылық есеп беруді жасауды жүзеге асырмауға құқылы.

Салық заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізуге және қаржылық есеп беруді жасауға арналған оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолданатын шағын кәсіпкерлік субъектілері уәкілетті орган қабылдаған

мамандандырылған қаржылық есеп беру стандартын қолданады немесе осы баптың 3-5-тармақтарына сәйкес қаржылық есеп беруді жасаудың бір түрін қолдануға құқылы.

3. Кәсіпкерлік (бизнес) субъектілері мынадай санаттарға:

1) шаруашылық (фермерлік) қожалықтарына, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін заңды тұлғаларға, сондай-ақ оңайлатылған декларация негізінде салық заңнамасына сәйкес арнайы салық режимін қолданатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне;

2) осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында санамаланғандарды қоспағанда шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, сондай-ақ мемлекеттік мекемелерден басқа коммерциялық емес ұйымдарға;

3) жария ұйымдарды қоспағанда орта кәсіпкерлік субъектілеріне;

4) ірі бизнес субъектілеріне және жария ұйымдарға жатқызылуына қарай уәкілетті орган белгілеген әртүрлі тәртіппен бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасауды жүзеге асырады.

4. Ірі бизнес субъектілері мен жария ұйымдар қаржылық есеп беруді Қазақстандағы ҚЕХС-ке сәйкес жасауға міндетті.

5. Кәсіпкерлер мен ұйымдар бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беруді жасауды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасына сәйкес жүргізуге міндетті.

6. Бағалы қағаздары ең жоғары және одан кейінгі санат бойынша Қазақстан Республикасындағы сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне енгізілген ұйымдар қаржылық есеп беруді жасауды ҚЕХС-ке сәйкес жүзеге асыруға міндетті.";

4) 2-бап мынадай мазмұндағы 3, 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Қазақстан Республикасының аумағында қаржылық есеп беру стандарттарын қолданысқа енгізу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен жүзеге асырылады, ҚЕХС-пен реттелмеген мәселелер бойынша қаржылық есеп беру стандарттары уәкілетті органның немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен жүзеге асырылады.

4. Қаржылық есеп беру стандарттарының негізгі ұғымдары мен ережелері бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру саласында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда басқа салаларда қолданылады."

5) 2-1-бап алып тасталсын;

6) 3 - б а п т а :

1-тармақта "уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздер " уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "актілермен" деген сөзден кейін "бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 5 . У ә к і л е т т і о р г а н :

- 1) бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру саласындағы мемлекеттік саясаттың қалыптасуын қамтамасыз етеді;
- 2) бухгалтерлік есепке алуды жүргізудің тәртібін анықтайды;
- 3) қаржылық есеп беру стандарттарын қолдану туралы нұсқаулықты әзірлейді және б е к і т е д і ;
- 4) Консультативтік органның келісімімен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы нормативтік құқықтық актілерін қ а б ы л д а й д ы ;
- 5) қаржылық есеп беру стандарттарын және оның ҚЕХС-пен реттелмеген мәселелер бойынша әдістемелік ұсынымдарын әзірлеу мен бекітуді қамтамасыз етеді;
- 6) Консультативтік орган берген ұсыныстарды ескере отырып Қазақстан Республикасының аумағында нақты ҚЕХС-тің қолданылуы туралы шешім қабылдайды ;
- 7) нақты ҚЕХС-тің, не оның жекелеген ережелері Қазақстан Республикасы аумағында қолданылмайтын жағдайда Консультативтік органмен бірлесіп қаржылық есеп берудің тиісті стандартын әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді;
- 8) бухгалтерлік есепке алу шоттарының жұмыс жоспарын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты (негізді) әзірлейді және бекітеді;
- 9) өзі бекіткен қаржылық есеп беру стандарттарын бұқаралық ақпарат құралдарында ж а р и я л а й д ы ;
- 10) өзге де мемлекеттік органдармен және аккредиттелген кәсіптік ұйымдармен бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл ж а с а й д ы ;
- 11) бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобасын әзірлеу туралы Консультативтік органның ұсыныстарын қарайды;
- 12) кәсіптік ұйымдарды, сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеуді ж ү р г і з е д і ;
- 13) кәсіптік ұйымдарға, бухгалтерлерді сертификаттау жөніндегі ұйымдарға аккредиттеу ережесін бекітеді;
- 14) Консультативтік органның келісімімен кәсіптік бухгалтерлерге қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;
- 15) аккредиттеу ережесін сақтамау фактілері болған жағдайда аккредиттелген кәсіптік ұйымдарға, сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйымдарға ескерту жасайды, сондай-ақ кәсіптік ұйымның, сертификаттау жөніндегі ұйымның аккредиттеу туралы куәлігінен айыру туралы шешімді қабылдайды;
- 16) аккредиттелген кәсіптік ұйымдардың, сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйымдардың есеп беру тізбесін, нысанын және кезеңділігін анықтайды;

17) мерзімді баспасөз басылымында кәсіптік ұйымдардың, бухгалтерлерді сертификаттау жөніндегі ұйымдардың тізбесін жариялайды.";

6 - б а п т а :

1) тармақшаның екінші абзацындағы "бухгалтерлік есепке алу" деген сөздер "қаржылық есеп беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "бухгалтерлік есепке алу стандарттарын" деген сөздер "қаржылық есеп беру стандарттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) мынадай мазмұндағы 3-1, 3-2, 3-3-баптармен толықтырылсын:

"3-1-бап. Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін реттеуге Консультативтік органның және аккредиттелген кәсіптік ұйымдардың қатысуы

1. Консультативтік орган алқалы орган және ол туралы ереженің негізінде әрекет ететін бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін реттеудің ажырамас б ө л і г і б о л ы п т а б ы л а д ы .

Құрамын уәкілетті орган белгілейтін Консультативтік орган консультативтік-кеңес о р г а н ы н ы с а н ы н д а құ р ы л а д ы .

2. Консультативтік органның құрамына:

мемлекеттік органдардың өкілдері арасынан уәкілетті орган ұсынған тұлғалар мен ғ ы л ы м қ а й р а т к е р л е р і ,

бір және (немесе) мынадай: бухгалтерлік және (немесе) аудиторлық қызмет, жоғары оқу орындарында оқытушылық қызмет және (немесе) бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру, аудит саласындағыдай ғылыми қызмет салаларының бірінде 5 жылдан кем емес расталған жұмыс тәжірибесі бар кәсіптік ұйымдардың өкілдері кіреді.

3. Консультативтік орган:

1) уәкілетті органға бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу және әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) уәкілетті органға қаржылық есеп беру стандарттарын қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды қайта қарау мен әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) сертификаттау жөніндегі ұйымдардың аккредитациясы туралы куәлікті беру мен қайтарып алу жөнінде уәкілетті органға ұсынымдар енгізуге;

4) бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру саласындағы халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыруға құқылы.

4. Консультативтік орган:

1) Қазақстан Республикасы аумағында ҚЕХС қолданылуына талдау жүргізуге және уәкілетті органға тиісті ұсыныстар енгізуге;

2) нақты ҚЕХС-тің, не оның жекелеген ережелері Қазақстан Республикасы аумағында қолданылмайтын жағдайда қаржылық есеп берудің тиісті стандартын

ә з і р л е у г е ;

3) бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеуге қатысуға;

4) қаржылық есеп беру стандарттарын және оның ҚЕХС-пен реттелмеген мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдарын әзірлеуге міндетті.

5. Кәсіптік ұйым қоғамдық бірлестік нысанындағы заңды тұлға болып табылады және мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

кәсіптік ұйымның құрамында оның мүшелері ретінде сертификаты бар бухгалтерлердің жалпы санының бестен бірінен аз болмауы;

халықаралық іс-тәжірибеге сәйкес келетін және оның барлық мүшелеріне міндетті болып табылатын, ұйымның жарғысына сәйкес бекітілген Кәсіптік бухгалтерлердің ар - ұ ж д а н к о д е к с і н і ң б о л у ы ;

ө з м ү ш е л е р і н і ң б і л і к т і л і г і н а р т т ы р у ж ү й е с і н і ң б о л у ы ;
а к к р е д и т т е у е р е ж е с і н е с ә й к е с к е л у і .

6. Аккредиттелген кәсіптік ұйымның (бұдан әрі - кәсіптік ұйым) құрылымы мен жұмыс органдары оның жарғысымен анықталады және аккредиттеу ережесіне сәйкес б о л у ы т и і с .

7. Кәсіптік ұйымның басшысы 5 (бес) жылдан кем емес мерзімге сайланады және қатарынан екі мерзімге қайта сайлануы мүмкін емес.

8 . К ә с і п т і к ұ й ы м :

1) өзінің мүшелеріне қатысты оның жарғысында көзделген және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасына қайшы келмейтін міндеттерді жүзеге асыруға;

2) ҚЕХС-пен реттелмеген мәселелер бойынша қаржылық есеп беру стандарттарын ә з і р л е у г е қ а т ы с у ғ а ;

3) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға;

4) Қазақстанда ҚЕХС-ті қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге қ а т ы с у ғ а ;

5) бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру саласындағы оң жұмыс тәжірибесін талдауға, жинақтауға және таратуға құқылы.

9 . К ә с і п т і к ұ й ы м :

1) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы з а ң н а м а с ы н с а қ т а у ғ а ;

2) аккредиттеу ережесімен белгіленген санда Консультативтік органның құрамына кәсіптік ұйымның мүшелерін жіберуге және олардың сындарлы жұмысын қамтамасыз е т у г е ;

3) уәкілетті орган белгілеген тәртіпте өзінің қызметі туралы есептілікті ұсынуға;

4) қаржылық есептілік стандарттарын қолдану жөнінде сұрау салуларды қарауға міндетті.

3-2-бап. Кәсіптік бухгалтерге кандидаттар сертификаттау шарттары

1. Уәкілетті орган аккредиттеу үшін сертификаттау жөніндегі ұйымдар мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

әкімшілік-аумақтық бірліктерде бес және одан да көп филиалының болуы; құрамына кәсіптік ұйымдардың өкілдері кіретін тәуелсіз Емтихан комиссиясының бар болуы;

ол бойынша бухгалтерлердің біліктілігін арттыру курстарын өткізуді көздейтін оқу бағдарламасының бар болуы;

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру мәселелері жөніндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келтіру үшін оқу бағдарламасын және емтихан модульдарын жаңарту жүйесінің бар болуы; кәсіптік ұйымдармен өзара іс-әрекет туралы келісімнің бар болуы; уәкілетті орган бекіткен аккредиттеу ережесіне сәйкес келу.

2. Оқу бағдарламасы аккредиттеуге өтініш беру мезгілінде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру мәселелері жөніндегі барлық қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің шолуын қамтуы керек.

Оқу бағдарламасы Консультативтік органмен бекітіледі.

3. Сертификат нысаны уәкілетті органмен бекітіледі.

4. Сертификаттарды алуға үміткерлерге рұқсат беру уәкілетті орган бекіткен кәсіптік бухгалтерлерге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Біліктілік куәліктері Қазақстан Республикасының сертификатымен тең дәрежеде мойындалатын шетел институттарының тізімін уәкілетті орган бекітеді.

3-3-бап. Аккредиттеу туралы куәліктен айыру

1. Кәсіптік ұйымды, сертификаттау жөніндегі ұйымды аккредиттеу туралы куәлігінен айыру туралы шешімді Уәкілетті орган мынадай жағдайларда, егер:

1) кәсіптік ұйым өзінің өкілдерін Аккредиттеу ережесімен белгіленген мерзім ішінде Консультативтік органның құрамына жібермесе;

2) соңғы үш жыл ішінде жүйелі түрде (екі реттен көп) аккредиттеу ережесін бұзса;

3) уәкілетті органға өзі және өзінің қызметі туралы көрінеу жалған ақпарат берсе;

4) екі ай мерзім ішінде уәкілетті орган жасаған ескерту бойынша себептер жойылмаса қабылдайды.

2. Кәсіптік ұйым, сертификаттау жөніндегі ұйым уәкілетті органның шешіміне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.";

8) 4-бап алып тасталсын;

9) 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"жинау, тіркеу және қорыту" деген сөздер "жинаудың, тіркеудің және қорытудың реттелген" деген сөздермен ауыстырылсын;

", бухгалтерлік есепке алу стандарттарымен" деген сөздер алып тасталсын;
2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Есепке алу саясаты ұйымның қажетіне орай және оның қызметінің ерекшеліктерінен шыға отырып, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есеп беруді жасау және ұсыну үшін ұйымның қолданылуына қабылданған нақты принциптерді, негіздерді, шарттарды, ережелерді және тәжірибені білдіреді.";

7-тармақта "бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарына сәйкес" деген сөздер " уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген талаптарға сай ұйымдардың бухгалтерлік есепке алу шоттарының негізінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 6 - 1 - б а п т а :

4-тармақ мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) салық төлеушінің тіркелу нөмірі.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бастапқы құжаттардың уақытылы және сапалы ресімделуіне, бухгалтерлік есепке алуда көрсету үшін олардың белгіленген мерзімде берілуіне, сондай-ақ онда қамтылған деректердің растығына осы құжаттарға қол қойған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауап береді.";

6-тармақтың бірінші бөлігінде "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздерден кейін "бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 7 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасында "қалыптастырады" деген сөз "келіседі және (немесе) бекітеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) бухгалтерлік есепке алу ісін жүргізуді шарттық негізде бухгалтерлік ұйымға немесе кәсіптік бухгалтерге береді";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жария ұйымдарға 2-тармақтың 3), 4) тармақшаларының қолданылуы т а р а т ы л м а й д ы . " ;

3-тармақта ", бухгалтерлік есепке алу стандарттары мен бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгі жоспарын" деген сөздер алып тасталсын;

12) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Бухгалтерлік қызметтің басшысы

Бухгалтерлік қызметтің басшысы (бұдан әрі - бас бухгалтер) - бухгалтерлік есепке алу жүргізуді, қаржылық есеп беру жасауды және ұсынуды, есеп саясатын қалыптастыруды қамтамасыз ететін бас бухгалтер немесе басқа лауазымды тұлға.

Жария ұйымның бас бухгалтері лауазымына кәсіптік бухгалтер тағайындалады.";

13) 8-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

14) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Қаржылық есеп беру элементтері және оларды бағалау

1. Қаржы жағдайын бағалаумен байланысты қаржылық есеп беру элементтері активтер, міндеттемелер және капитал болып табылады.

Активтер - өткен уақиғалар нәтижесінде ұйыммен бақыланатын ресурстар, олардан ұйымдар болашақта экономикалық пайданы күтеді.

Міндеттеме - өткен уақиғалардан туындайтын ұйымның қазіргі міндеті, оларды реттеу экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың істен шығуына әкеп соқтырады.

Капитал - барлық міндеттемелерді алып тастағаннан кейін қалатын ұйым активтеріндегі үлес.

2. Пайда мен залал туралы есепте қызметтің нәтижелерін өлшеумен тікелей байланысты элементтер табыстар мен шығыстар болып табылады.

Табыстар - есепті кезең ішінде активтердің түсімі немесе өсімі немесе капиталға қатысатын тұлғалардың жарнасымен байланысты көбеюден өзгеше капиталдың көбеюіне әкелетін міндеттемелердің азаюы нысанында экономикалық пайданың көбеюі.

Шығыстар - есепті кезең ішінде активтердің жылыстауы немесе азаюы немесе нысанында капиталға қатысатын тұлғаларға бөлумен байланысты азаюдан өзгеше капиталдың азаюына әкелетін міндеттемелердің пайда болуы нысанында экономикалық пайданың азаюы.";

15) 14 - бапта :

1-тармақта "және бухгалтерлік есепке алу стандарттарына" деген сөздер алып тасталсын ;

2-тармақ алып тасталсын;

16) 15-бапта "және бухгалтерлік есепке алу стандарттарына" деген сөздер алып тасталсын;

17) 16 - бапта :

бірінші бөлікте :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) пайда мен залал туралы есепті;"

3) тармақшада "ақша" деген сөз "ақша қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшада "өз" деген сөз алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

5) түсіндірме жазбаны қамтиды;

екінші және үшінші бөліктердегі "және бухгалтерлік есепке алу стандарттарына" деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қаржылық есеп беруге ұйымның басшысы немесе атқарушы орган уәкілеттік берген лауазымды тұлға және бас бухгалтері, кәсіпкер қол қояды.

Бухгалтерлік есепке алуды бухгалтерлік ұйым немесе кәсіптік бухгалтер жүргізетін ұйымның қаржылық есеп беруіне ұйымның басшысы немесе атқарушы орган уәкілеттік берген лауазымды тұлға, сондай-ақ бухгалтерлік ұйымның басшысы немесе кәсіптік бухгалтер қол қояды.";

18) 16-1-бапта "және бухгалтерлік есепке алу стандарттарынан" деген сөздер алынып тасталсын;

19) 18-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қаржылық есеп беру Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ұсынылады.";

3-тармақта "қаржылық" деген сөздің алдынан "аралық" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Жария ұйымдар (қаржы ұйымдарынан басқа) жылдық қаржылық есеп беруді уәкілетті орган және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіпте бұқаралық ақпарат құралында жариялауға міндетті.";

20) мынадай мазмұндағы 22-баппен толықтырылсын:

"22-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Заңның 7-1-бабының 2-тармағының екінші бөлігі 2008 жылдың қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін берілген кәсіптік бухгалтердің біліктілігін растайтын құжаттар қолданыста болады.

3. Осы Заңның 1-1-баптың 3-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген жеке кәсіпкерлік субъектілері Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасау жөніндегі нұсқаулық қолданысқа енгізілгенге дейін бухгалтерлік есепке алу стандарттарын қолданады."

8. "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 9, 91-құжат; 2004 ж., N 24, 143-құжат):

12-бапта:

төртінші абзацта "және заңды" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"ұйымдардан қаржылық есеп берудің негізінде жасалған дұрыс статистикалық ақпаратты алуға;"

9. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 85-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; 2005 ж., N 14, 55, 58-құжаттар):

1) 74-баптың 1-тармағында "сақтандыру қызметі үшін міндетті бухгалтерлік есеп стандарттарына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7 6 - б а п т а :

" жылдық балансты және кірістер мен шығыстар туралы есепті қоса," деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

"белгілеген" деген сөзден кейін "тізбе," деген сөз жазылсын;

"жылдық балансты және қаржы-шаруашылық қызметі туралы есепті" деген сөздер " жылдық қаржылық есепті" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 24 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 12, 116-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат):

2-баптың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"акционерлік қоғамдар үшін 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабының 5-тармағын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і . " ;

төртінші абзацта "өзге ұйымдар үшін 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап" деген сөздер алып тасталсын.

11. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 10, 55-құжат; 2004 ж., N 23, 140-құжат; 2005 ж., N 14, 58-құжат):

1) 7 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

2-тармақта "және бухгалтерлік есептің стандарттарымен" деген сөздер алып тасталсын;

2) 7 6 - б а п т а :

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

4-тармақта "кірістер мен шығыстар" деген сөздер "пайда мен залал" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. "Инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 16,

9 0 - к ұ ж а т) :

38-баптың 1-тармағында "бухгалтерлік есеп (қаржылық есептілік) стандарттарында, " деген сөздер "Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасымен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң оны ресми жариялаған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК